



К/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ертеңгіліктің іс – шарасын жасап, бекіту	20.12.2024 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова
2	Балаларды ертеңгілікке дайындау	Ертеңгілік өткенге дейін	Топ тәрбиешілері
3	Бақшаны мерекеге сай безендіру (шырша құру, шарлар, лента, жалаушалар, мерекелік құттықтаулар ілу)	23.12.2024 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова Шаруашылық меңгерушісі Ү. Төлепбергенова
4	«Жасыл шырша жанында» атты Жаңа жылды қарсы алу кешін өткізу /«Балдырған», «Балапан» топтары/	26.12.2024 ж	Топ тәрбиешілері А.Әбжаппарова Ж.Тілеулиева
5	«Жаңа жылдық ертегі» атты Жаңа жылды қарсы алу кешін өткізу /«Балбөбек», «Қарлығаш» топтары/	27.12.2024 ж	Топ тәрбиешілері Ұ.Тұрғанова Қ.Қалдыбаева А.Бегманова С.Шилібекова

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

«Жасыл шырша жанында»

/ертеңгілік/

Ортаңғы топ

Кіші топ

Тәрбиешілер: *А.Әбжаппрова*
Ж.Тілеулиева



Ертеңгілік тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Ертеңгілік мақсаты: балаларға бұл мерекенің дүние жүзі бойынша барлық халықтың үлкен көңілмен қарсы алатын ерекше мереке екенін ұғындыру. Жаңа әндер, тақпақтар жаттату, би үйрету.

Ертеңгілік көрнекілігі: жаңа жылдық шырша, түрлі-түсті шарлар, жылтыр жіпшелер, жаңа жылдық суреттер.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар! Біз сіздермен бір жыл бойы қызығы мен қуанышы мол, есте қаларлықтай мерекелерге толы ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алғалы отырмыз.

Қыс түсіп, айнала аппақ қарға оранды. Әркім барын киіп, сәнді киімдері мен әсем безендірілген жасыл шырша жаңында жиналып отырмыз.

Аппақ бүгін қыр далам,

Ақ дастархан жапқандай.

Халық біткен қарбалас,

Қонақ күтіп жатқандай.

Көңілде көп қуаныш,

Әр көңілді жақсылық.

Кетер жылға мың алғыс,

Өкелген көп жақсылық- деп құттықтау сөзді балабақшамыздың меңгерушісі Индира Ертай қызына береміз. Келесі құттықтау сөз кезегі Ата ана Набира апайға беріледі.

Мерекелік әуенмен балалар әсем безендірілген залға кіреді

/шыршаның астында аю оянады/.

Аю: Бұл жерде не шу болып жатыр, мені ұйымнан ояттындар ғой. Маза бермедіңдер ғой. \Ашуланып/

Жүргізуші: Сәлеметсің бе Аю! Бүгін бізде мереке, балалармен мереке тойлауға келдік.

Балалар, айтындаршы бүгін қандай мерекені тойлауға келдік.

Балалар: Жаңа жыл мерекесі!

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар балалар, Жаңа жыл мерекесін тойлауға келдік, Ұлу жылымен қоштасып, жылан жылын қарсы алғалы тұрмыз, олай болса Ұлумен қоштасып алайық. Ұлу тақпақ айтады. Ескі жыл саған көп рахмет.!

Ал, ендеше жаңа жылды қарсы алайық!

Балапандарымыздың мерекеге арнаған ән, би, тақпақтарын тамашалайық!

Би: «Аяз ата» биі Айерке, Аңсар, София, Акжүрек, Асылзада, Марғұлан.

Жүсіпбек. Ақлима.

Жүргізуші: Ендігі кезекті тақпатарға берейік.

Досхан:

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда – жаңа жыр.

Жасыл шырша жаңында,

Жадырап бар бала жүр.

Бексұлтан

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды караса.

Гүлсана

Жылдың әнін бастайын,

Аяз-ата кеп қалды.

Майысады жас қайын,

Көтере алмай көп қарды.

Жасмин

Бақша іші мереке

Ойын күлкі асқақ ән

Жақсы әпкелер жаңа кеп

Мерекені бастаған

Әйбике

Жаңа жылды қарсы алдың
Мініп алып күймеге
Менде бүгін ән салдым
Араластым биге де

Альтаир

Оралдың өлкеме
Жаңа жыл армысың
Оранды ақ көрпеге
Асқар тау, қарлы шың

Ағлан

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына

Аңсар

Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны
Той-маскарад басталды
Аяз оны басқарды

София

Қалып едік сағынып
Күтіп алдық жабылып
Жолын қойдық жарық қып
Шыршаларға шам іліп

Асылзада

Қайда қызық болса думан
Аяз ата сонда болды
Күндіз үйде ойнап бізбен
Балалармен бірге болды

Ұлдай

Жарқырап шамдарын
Шырша келді ортаға
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар!

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай әсем шыршамыз

Би билейік баршамыз

Ал ендеше қыздарымыздың әсем биіне кезекті берейік.

Би: ортаңғы тобының қыздарының биін тамашалайық Әйбике, Жасмин, Мариямбике

Келесі кезекте ұлдарымыздың Аққала биін тамашалаңыздар

Нұрәли, Ағлан, Ақберен, Бексұлтан

Ойыншықтар биі: Гүлсана, Досхан, Ұлдай, Альтаир, Үкілімай, Жұбаныш

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,

Жасаймыз той жылда біз.

Жарқын, жарқын ән салып,

Жалғасады жылға жыл.

Жаңа жылда алдағы,

Көңіл өсіп кеңейсін.

Ортақ ойы арманы,

Жақсы дәстүр көбейсін- деп «Балапан» тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырамыз

Келіндер, келіндер,

Такпақ айтып беріндер

Жомарт Аяз атадан

Сыйлық алып көріңдер! - дей келе кезекті балаларымыздың Жаңа жылға арналған тақпақтарына берейік.

Әмірхан

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Данияр

Аяз ата келіп тұр
Бізге сәлем беріп тұр
Сақалының ұзын ай
Кесіп алсам шіркін ай

Бауыржан

Далада қар борайды
Ақ мамыкка орайды
Мұз болады қатады
Жып жылтыр боп жатады

Аяла

Ақша қар, ақша қар
Аппақ болып жатасың
Тос қалса қолыма
Алақаныма толасың

Ерсұлтан

Аяз ата келіп тұр
Бізге сәлем беріп тұр
Тақпақ айтқан балдарға
Сыйлықтарын беріп тұр

Жүргізуші: Жаңа жылдың кешінде,
Аңдар келіп бір шешімге.
Достаспақшы бір ниетпен,
Жиналыпты келісімге.
Сонымен қояндарды қарсы алайық

Ойын: Шырша сәндеу

Балалар тыңдандаршы бір дыбыс естіледі, біреу келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен, осы кезде Аяз ата ішке кіреді.

Аяз ата: Аяулы аналарға, ардақты ұл-қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін,

Қандай әсем жырларын

Асаулармен алысқан

Асау желмен жарысқан.

Аталарың сендерге,

Шаршап келді алыстан!

Балалармен амандасады

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Аяз ата, Ақша қар! Қош келдіңдер! Алыс жолдан келіп, шаршаған шығарсыздар. Төрлетіңіздер, дем алыңыздар! Біздің бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалаңыздар.

Би: Көк жигули

Хор: Шырша әні

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым! Ақша қар екеуімізді бүгін бір қуанып, алыс жерден келгенде көңілімізді көтердіңдер. Барлықтарыңда өнерлі де, білімді екенсіңдер. Солай емес пе қызым

Ақша қар: Ия, Ата балалардың киімдері өте әдемі, өздеріне жарасып тұр. Өнерлері де өте керемет.

Аяз ата: Олай болса біздің сыйлығымызды қабыл алыңдар. Біз жолға шығайық.


Балалар: Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! 2025 –ші жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға үлкен рахмет. Жаңа жылан жылы баршамызға құтты болсын. Отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш алып келсін!!!

«Жасыл шырша жанында» атты жаңа жылды қарсы алу кешінің анықтамасы

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай –бақшасының кіші және ортаңғы топ балаларының 2024 жылдың 26 желтоқсаны күні «Жасыл шырша жанында» атты Жаңа 2025 жылды қарсы алу кеші болып өтті. Музыка залына шырша құрылып, ертеңгілікке сай безендірілді. Ата – аналар балаларының өнерлерін көруге жиналды. Балалар түрлі маскарадтық киімдерімен шығып, кештің көркін аша түсті. Бүлдіршіндер түгелдей қатысып, Аяз атадан сыйлық алуға асығып, өз өнерлерін ортаға салды. Бірі тақпақ айтып, бірі ән орындап, енді біреулері мың бұрала би биледі. Балаларға арналған ойындар да ойнатылды. Ұжым қызметкерлері балалардың мерекелік көңіл – күйлерін көтеру мақсатында ескі Ұлу жылы мен жаңа Жылан жылының бейнесінде келді. Сонымен бірге Қоян қонаққа келіп, балаларға түрлі ойындар ойнатып, қуаныш сыйлады. Өз балаларына және солармен бірге баладай болып түрлі кейіпкерлерді сомдап, балаларға қуаныш сыйлаған ұжым қызметкерлеріне ата – аналар риза болып, алғыстарын айтты. Кештің соңында Аяз ата арқалай келген қатшығындағы сыйлықтарын үлестіріп, бүлдіршіндерді қатты қуандырды.

Ұсыныс: ата – аналарды түрлі кейіпкерлер бейнесімен шығарып, ертеңгілікке қатыстыру

Әдіскер:  А. Мақұлбекова